

Инсаньың БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасында Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық - эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысының санитариялық - эпидемиологиялық бақылау департаменті Қарғалы аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Каргалинское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Актюбинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
 № D.06.X.KZ29VWF00115939
 Дата: 08.11.2023 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

«Қайрақты негізгі мектебі – бала бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) объектісінің тағайындалған объектісі санитарно-эпидемиологической экспертизы, и соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 01.11.2023 11:07:22 № KZ11RYS00470720**

(отініш, ұйғарым, қауіп хатшына, ақпараттық және басқа да түрде келуі, нөмірі)
по обращению, представлению, постановлению, плановому и другим (даты, номер)

2. Тапсырыс (отініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **"Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қайрақты негізгі мектеп-балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қарғалы ауданы, Степной селозық округі, Қайрақты ауылы, Әбілхайыр хан көшесі, №23 үй мекен-жайы**

Исруаттық жүргізілді субъектінің толық атауы (хатшасы), объектінің мекен-жайы, орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты және тағайындалған объектісінің объектісі (арналы, қолданылуы), адрес месторасположения объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

білім беру қызметі

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)

БІЛІМ БЕРУ

4. Жобалар, материал даразырменді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) **талап етілмейді**

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **Отініш; зертханалық-аспаптық зерттеулер хаттамасы**

6. Ойыншықтар, тағамдар (Представлены образцы продукции) **талап етілмейді**

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются) **берілген жоқ**

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)



Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, өндіріске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

Қарғалы ауданы, Степной селолық округі, Қайрақты ауылы, Әбілхайыр хан көшесі, №23 үй мекепе-жайы бойынша орналасқан «Қарғалы аудандық білім бөлімі» ММ, «Қайрақты негізгі мектебі - бала бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, білім беру қызметі, Мемлекеттік мекеме, БИН: 980540001157. Мектеп директорының міндетін атқарушы Баймышева Жамал Жомартовна. Байланыс телефоны: 87135929453. Электронды поштасы: borodinovka2012@inbox.ru.

Нысанның жобалық қуаттылығы - 320 оқушыға арналған. Мектеп - бір ауысымды. Бір ауысымда 33 бала білім алады.

Мектеп ғимараты периметрі бойынша толық қоршалған. Қоршауы зақымдалмаған. Нысанның аумағында білім беру процесімен функционалдық байланысы жоқ ғимараттар, құрылыстар мен құрылыс жайлар жоқ. Мектеп аумағы бойынша сыртқы жасанды жарықталу жүйесі қарастырылған. Жарықталу жүйесі кемшіліксіз жұмыс жасауда. Мектеп ғимаратына кіре беріс жолдары, көлікпен оту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңға бару жолдары тазалауға қолжетімді қатты жабындымен жабылған.

Мектеп - типтік ғимаратта салынған, 2 қабатты. Мектеп аумағында: шаруашылық ғимараты, жүгіру жолы, секіру шұңқыры, спорттық алаң, қатты тұрмыстық қалдықтар үшін контейнер алаңы мен қазандық ғимараты орналастырылған.

Қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнер алаңы шаруашылық аймақта орналастырылған. Контейнер алаңы үш жағынан қоршалып, дезинфекциялық жұмыстар үшін қолайлы қатты төсенішпен жабықталған. Қоқыс жәшіктері жабылағын қақпақтармен қамтамасыз етілген. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару уақытымен жүргізіліп тұрады.

Мектепте келесідей бөлмелер қарастырылған: әкімшілік бөлмелер, оқу кабинеттері, медициналық кабинет, спорт зал, асхана, санитарлық тораңтар. Барлық бөлмелер функционалдық мақсатына қарай қолданылуда. Бөлмелердің төбесі мен қабырғасы тегіс, зақымданусыз, үйкеліссіз, деформациясыз және сапырауқұлақтармен зақымданбаған. Барлық бөлмелердегі еден беті жақсы, жарықтар, ақаулар немесе механикалық зақымдар жоқ. Сыныптардағы еден жабындары дымқыл өңдеуге және дезинфекциялауға болатын төсенішпен жабылған. Мектептегі оқу кабинеттері мен зертханалар жұмыс үстелдері мен арқалары бар орындықтармен жабықталған. Ылғалды жұмыс режимі бар бөлмелердің (медициналық кабинет пен санитарлық тұрмыстық үй-жайлар) қабырғалары плиткемен және ылғалға төзімді материалдармен қапталған. Терезе әйнектері, желдету жүйелері, электр лапталары, жалғызилер таза ұсталынған.

Бірінші қабатта: оқу кабинеттері, санитарлық тораң, кітапхана, асхана, директор бөлмесі, медициналық кабинет, гардероб және спорт зал орналастырылған.

1 қабаттағы оқу кабинеттері:

№1 оқу кабинеті - 52,7 м², 15 оқушыға арналған;

№2 оқу кабинеті - 54,9 м², 15 оқушыға арналған;

Сонымен қатар келесідей кабинеттер орналастырылған: ер балаларға арналған еңбек кабинеті - 66,5 м², медициналық кабинет - 15,0 м², кітапхана - 75,5 м², спорттық зал - 173,3 м², асхана - 69,4 м², директор кабинеті - 15,5 м², гардероб - 11,7 м², 2 санитарлық тораң, әрқайсысы - 13,6 м² қыз балалар мен ер балаларға бөлек қарастырылған.

2 қабатта: оқу кабинеттері мен мұғалімдер бөлмесі орналасқан.

2 қабаттағы оқу кабинеттері:

№3 оқу кабинеті - 35,4 м², 12 оқушыға арналған;

№4 оқу кабинеті - 35,4 м², 12 оқушыға арналған;

Сонымен қатар, физика кабинеті - 54,6 м², биология кабинеті - 54,0 м², химия кабинеті - 72,8 м², психологтар кабинеті - 31,7 м², мұғалімдер бөлмесі - 15,3 м², қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті - 52,5 м², орыс тілі мен әдебиеті кабинеті - 54,7 м².

Физика және химия кабинеттерімен мен зертханаларындағы реагенттерді пайдалана отырып зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін демонстрациялық жабдықтармен жабдықталған. Еңбекке баулу шеберханаларындағы еден механикалық әсерге төзімді.

Спорт залының жалпы ауданы - 173,3 м². Едені ағаштан жасалынған, еден беті тегіс, сапылаусыз, механикалық зақымданбаған. Жиһаз жабдықтары оқушылардың бойы мен жасына сәйкес келеді, ойын жабдықтары жақсы жағдайда ұсталынған. Спорт залдың жылыту жүйесінің радиаторлары терезелердің астына орналастырылып, торлармен жабылған. Спорт залдың терезелері мен жарықтандыру аспаптары қоршау құрылыстарымен қамтамасыз етілген. Спорт залындағы киім ауыстыратын бөлме - киім ілгіштермен, орындықтармен жабдықталған. Спорт төсеніштері мен жабдықтарында ылғалды өңдеуге және дезинфекциялауға мүмкіндік беретін жабындылар бар.

Мектеп асханасы келесідей бөлмелер құрамынан тұрады: ас үйі немесе өндірістік залынан - 69,4 м²,



үйлік ыдыстарды жуатын бөлмеден-14,9 м², жуу құралдарын сақтайтын және заласыздандыру құралдарын сақтайтын орыннан-11,7 м² және тамақтану залынан жалпы ауданы: 32,8 м², 15 м² қоймадан тұрады.

Ыдыс аяқтары тарелкалар, кружкалар, қасықтары жеткілікті деңгейде, жуылып, тазаланып кентірілген күйінде шкафтарға орналастырылған. Сынған, шеттері ұшқандары жоқ. Өндірістік залмен тамақтану залының ортасында, тарату сызығы жабдықталған, су қайнататын қазан, электрлі духовка, 2 электр плитасы, электросковородка, даяр тағамдарды салқындататын, олшейтін темір етолдар, ас үйлік құрал жабдықтарды сақтайтын темір етолдар мен ариайы темір шкаф орнатылған. Ас үйлік ыдыстар мен асханалық ыдыстарды жуатын, бөлмелерде ыдыстарды жуатын ванналармен, ыдыстарды сақтайтын орын, кентіргіштер қаралған. Ет даярлайтын бөлмесінде темір үстелдер, 2 ет тартқыш орнатылған. Көкөністерді даярлауға асүйінде кесіп тұрайтын темір үстел жабдықталған. Қоймасында 1 өндірістік тоңазытқыш орнатылған, 1 жай тоңазытқышы, 1 мұздатқышы жұмыс жасап тұр, тағам түрлеріне қарай салынуда.

Ыстық бу шығаратын орындарда жергілікті желдету сорғылары және ыстық, салқын, дайындауға дейінгі цехтардың, жуу, өндірістік үй-жайлардың жалпы ауа алмасу жеке желдеткіштері бар, жұмыс жасап тұр. Асханада көлемдік-жоспарлау, конструктивтік шешімдер, объектілер үй-жайларының орналасуы мен мөлшері азық-түлік шықаты мен дайын өнімнің, пайдаланылған және таза ыдыстың қарсы немесе айқас ағынын, сондай-ақ келушілер мен персоналдың қарсы қозғалысын болдырмайтын технологиялық процестердің ағыны көзделген және сақталған.

Аспаздар киімдерін ілуге асханаға кіре берісте арнайы шкафтар орнатылған. Асханаға кіре берісте балаларға арнайы қол жуатын орын жоба бойынша көзделген, оқушыларға арналған 3 раковина, су сабынмен, 1 қол кентіргіші жабдықталған. Санитариялық-техникалық және санитариялық гигиеналық жағдайы қанағаттанарлықтай жағдайда. Ыстық су сұжылытқыш қондырғысы арқылы қол жуғышқа және басқада технологиялық жабдықтарда жеткізілген, жұмыс жасап тұр. Асханадағы жасанды және табиғи жарығы жеткілікті мөлшерде. Терезе көздерінде жәндіктердің кіруінен сақтайтын қондырғылары бар. Өндіріс залында арнайы ылғалға тұрақты шамдар орнатылған. Ыстық бу шығаратын орындарда жергілікті желдету сорғылары және ыстық, салқын, дайындауға дейінгі цехтардың, жуу, өндірістік үй-жайлардың жалпы ауа алмасу желдеткіштері бар, жұмыс жасап тұр. Үй-жайларды, ыдыс жабдықтарын жуу және дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуге асханада жағдай қарастырылған. Ас үйлік жабдықтарды жууға арнайы 1 ванна орнатылған, ыдыстары толық бағырылады, жууға қолайлы. Ыдыстарды жуу, заласыздандыру талаптары асүйде ілінген.

Асхана үй-жайының қабырғалары тегіс, боялған, дезинфекцияға төзімді материалмен жабдықталған. Едені кафелденген, бүтіндігі сақталған, едендерінің жарықтарымен, саңылаулары жоқ, ылғалды тазалау жұмыстарына қолайлы. Тамақтану залы 60 орынға арналған. Тамақтану залында 9 үстел мен 36 орындық орналастырылған, асханалық үстелдері мен орындықтары жаңа. Қоймасында арнайы әр тамақты сақтайтын орындар етолдар орнатылған, тағам түріне қарай орналастырылған. Құрғақ тамақтар арнайы ыдыстарға салынып сақталуда. Тез бұзылатын тағамдар 1 өндірістік тоңазытқышта, 1 мұздатқышта және 1 тоңазытқышта тағам түрлеріне қарай орналасқан.

Асханадағы барлық жабдықтар, ыдыстар, ыдыс-аяқтар, кесу құралдары (пышақтар, тақталар, т.б.) әріптік таңбалауды пайдалана отырып, өңделетін тамақ өнімдеріне сәйкес таңбаланған. Тамақ өнімдерін өндіру процесінде технологиялық жабдықтар, мүкәммалар, ыдыс-аяқ, тамақ өнімдерімен жанасатын, тамақ өнімдерімен жанасуға рұқсат етілген материалдарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін материалдардан жасалған. Жағдайлары қанағаттанарлықтай, жаңа таңбалаулары бар. Мектеп ғимараты бойынша 3 санитарлық торап қарастырылған, әрқайсысы -13,6 м² (қыз балалар мен ер балаларға бөлек қарастырылған). Санитарлық тораптың әрқайсысы: аралары жабық кабинамен бөлінген 3 унитаз және 3 қол жууға арналған раковина, қолды кентіруге арналған 1 кентіру құрылғысы, қол жуу құралдары, қоқыс жәшіктерімен жабдықталған.

Медициналық кабинет -15,0 м² және ем - шара бөлмесі -12,1 м². Мектептегі медициналық қызмет келісім шарт негізінде «Ақтобе облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Қарғалы аудандық ауруханасы» МҚМ - мен жүргізіледі. Медициналық кабинеттің 28.02.2017 жылы №D.06.X.KZ67VBS00061105 санитариялық - эпидемиологиялық қорытындысы бар. Кабинеттің санитариялық - техникалық жағдайы жақсы, қабырғалардың, едендердің және төбелердің беті ылғалды тазалауға оңай қолжетімді, жуғын және дезинфекциялық құралдармен өңдеуге төзімді, тегіс, ақаусыз материалдар жасалған. Жеке гигиенаны қамтамасыз ету үшін кабинеттер ыстық және суық сумен қамтамасыз етілген. Қол жууға арналған құралдармен (сұйық сабын) және электрлі қол кентіргіш құрылғысымен жабдықталған.

Мектепте 25 балаға арналған балабақша жұмыс істейді. Қазіргі таңда бала-бақшаға 11 бала келуде. Балалар 8-00 деп 18-00 ге дейін балабақшада болады. Күніне 3 мезгіл тамақтанады. Үш бөлме: ойын бөлмесі - 54,0 м², оқу бөлмесі - 54,0 м², жатын бөлме - 60 м². 2 мектепалды даярлық тобы бар: 1 қазақ кіші тобы және 1 орыс кіші тобы. Жиһаз балалардың бойы мен жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Ойын бөлмесінде балаларға арналған үстелдер, орындықтар, ойыншықтарға арналған шкафтар, еденге кілем



селген. Үй - жайларды тазалауға арналған шаңсорғыш бар. Бөлмеде балалардың киімдерін ауыстыруға арналған шкафтар бар. Санитарлық торап дәретханамен, су құбыры бар раковиналармен, балалардың үлгілері мен жеке гигиеналық заттарға арналған жеке бөлімдері бар қабырға ілгіштерімен жабдықталған. Кір жуатын бөлме келесі құрал - жабдықтармен жабдықталған: кір жуғыш машина, киімді жібітуге және шаюға арналған 2 ванна, үтік және үстелі, таза киімді қоюға арналған шкаф. Кір жуу кестесі бар. 100 литрлік электр су жылытқышы орнатылған. Ойыншықтарды жуу арналған таңбаланған бассейндер бар. Қайнаған суды балаларға ішу үшін қолданады. Тазалау жабдықтары жеткілікті мөлшерде. Балабақшада 3 қызметкер бар, олар медициналық тексеруден өткен және жұмыс істеуге рұқсаттары бар. Шаруашылық ауыз су және кәріз жүйелері - орталықтандырылған. Ыстық және салқын су қарастырылған. Ыстық су жүйесі - электрлі су жылыту құрылыстары арқылы жүзеге асырылған. 24.07.2023ж. №43 орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасына және 22.07.2023ж. №29 судың микробиологиялық зерттеу хаттамаларына сәйкес су сынамалары ҚР ДСМ 20 ақпан 2023 жылғы №ҚР ДСМ - 26 «Су көздеріне, шаруашылық - ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық - ауыз сумен жабдықтауға және судың мәдени тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы және ҚР ДСМ 24 қараша 2022 жылғы №ҚР ДСМ - 138 «Ауыз су және шаруашылық - тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес. Мектепте нормалау құжаттарының белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген. Суға арналған құралдар өндірушінің нұсқаулығына сәйкес қолданылады. Ауыз су режимі үшін мектеп басшысымен жауапты адам бекітілген. Мектепте ауыз су оқушылар үшін барлық уақытта еркін қолжетімді. Ыстық су барлық қолжұғыштарға келтірілген. Жылыту жүйесі орталықтандырылған. Мектеп ғимараты желдету және ауаны баптау жүйелерімен жабдықталған. Білім беру ұйымдарының оқу кабинеттеріндегі ауа температурасын бақылау үшін медициналық кабинеттің үй жайларында термометрлер орнатылған. 24.07.2023ж. №25 метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасына сәйкес микроклиматтық жағдай (температура, ауаның қозғалыс жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) ҚР ДСМ 16 ақпан 2022 жылғы №ҚР ДСМ - 15 «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес.

Мектеп ғимаратында жасанды және табиғи жарықталу жүйесі қарастырылған. Жасанды жарықталу үшін светодиодты, люминесцентті шамдар қолданылады. Сыныптардағы жарық саңылаулары реттелетін, күннен қорғайтын құрылыстармен жабдықталған. Сыныптардағы жиһаздар табиғи бұйырлық сол жақ жарықтандырумен қамтамасыз етуді ескере отырып орнатылған. Бір бөлмеде шамның бір түрі қолданылады. Шамдар көлемкелермен қамтамасыз етілген. Құрамында сынапты ақауы бар шамдар оқушылардың қолы жетпейтін арнайы бөлмеде сақталады. 24.07.2023ж. №25 жарықты өлшеу хаттамасы ҚР ДСМ 16 ақпан 2022 жылғы №ҚР ДСМ - 15 «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» бұйрығы, 24.07.2023ж. №12 электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы ҚР ДСМ 06 тамыз 2021 жылғы «Адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы №ҚР ДСМ-79 бұйрығына сәйкес.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының түру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау маңының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын ағибер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции: размеры, площадь, конфигурация, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;) талан етілмейді

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото) 24.07.2023ж. №43 орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы, 22.07.2023ж. №29 судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы, 24.07.2023ж. №25 метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, 24.07.2023ж. №25 жарықты өлшеу хаттамасы, 24.07.2023ж. №12 электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы, Барлық өлшеулер мен зертханалық және аспаптық зерттеулер санитарлық - нормаларға сәйкес келеді.

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)



СК түрі және сипаттамасы (Вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орыны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытым ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытым ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

«Қайрақты негізгі мектебі – бала бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасы Кодекстің 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)

«Су көздеріне, шаруашылық - ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық - ауыз сумен жабдықтауға және судың мәдени тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2023 жылғы 20 ақпандағы №ҚР ДСМ – 26 бұйрығы; «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 16 ақпандағы №ҚР ДСМ – 15 бұйрығы; «Ауыз су және шаруашылық - тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 24 қарашадағы №ҚР ДСМ – 138 бұйрығы; «Адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы 2021 жылғы 6 тамыздағы №ҚР ДСМ-79 бұйрығы; «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ – 76 бұйрығы; «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ – 16 бұйрығы.
Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі №62 бұйрығымен бекітілген «Ондірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес ондірістік бақылауды жүргізу және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а 2020 жылғы 15 қазандағы №131/2020 бұйрығымен бекітілген «Міндетті медициналық қарап – тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті ондірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде міндетті алдын ала медициналық қарап – тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап –



«төксерулер жүзегізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізібесін және «Алдым ала міндетті медициналық арап – төксерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қызметкерлердің медициналық төксерістен уақытылы өтуін қамтамасыз ету.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық - эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысының санитариялық - эпидемиологиялық бақылау департаменті Қарғалы аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

Қарғалы ауданы, көшесі Г.Карюк, № 1А үй, 1

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Каргалинское районное управление санитарно - эпидемиологического контроля Департамента санитарно - эпидемиологического контроля Актюбинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

Каргалинский район, улица Г.Карюка, дом № 1А, 1

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Бержанова Айнагуль Канбаевна

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

